

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна*¹

Phd доктор, М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан,
naz.2612@mail.ru, ORCID ID:0000-0001-8934-2602

Кабиева Айнаш Амантаевна²

Магистр, Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернаты, Орал, Қазақстан, ainash1486@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

ХАЗІРЕТ ДОСЖАН ҚАШАҚҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ДІНИ-РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл мақалада XIX ғасырда өмір сүрген Досжан Қашақұлы туралы баяндалады. Ғылыми зерттеудің объектісі – XIX ғасырдағы қазақ даласындағы дәстүрлі ислам дінінің дамуы мен мұндағы рухани-ағартушылық қызмет болып табылады. Ресей патшалығы тұсында Ресей мұсылмандарына жүргізілген рухани-отарлау саясатына қарамастан қазақ даласында дәстүрлі ислам өкілдері рухани-ағарту саласында өз қызметтерін жүргізді. Ғылыми мақаланың пәні ретінде сондай тұлғалардың бірі Досжан хазіреттің өмірі, ғибратты ғұмыр жолы мен діни және рухани бағыттағы қызметі терең сипатталады. Ресей патшалығының мақсаты империяның шет аймақтарында отарлау басқару жүйесін күшейту еді, соның ішінде түркі-мұсылман әлеміне христиан дінін енгізу арқылы. Осындай отарлау саясатына қарсы бағытталған Досжан хазіреттің қазақ мұсылмандарының дербестігі мен рухани тәуелсіздігі жолындағы күресі, Меккедегі қазақ тәкиесін (қонақ үй) салдыруға қосқан үлесі қарастырылады. Мақалада Досжан ишанның қазақ қоғамындағы дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтап қана қоймай оны насихаттаудағы тарихи орны айқындалады.

Зерттеуде Досжан Қашақұлының қазақ даласына ислам мәдениетін таратушы тұлға, діни қайраткер ғана емес, сонымен қатар халықты білімге шақырып, жүздеген шәкіртті тәрбиелеп оқытқан ағартушы болғандығы ашық көрсетіледі. Сонымен қатар өзгерген жағдайда елді отырықшылыққа, егіншілікпен айналысуға, бау-бақша егуге шақыру арқылы жастарды кәсіпке баулыған өнегелі істері кешенді түрде қарастырылады.

Жұмыстың нәтижесі Досжан хазіреттің қазақ даласының қаралып отырған кезеңдегі рухани өмірінде алатын орнын тарихи тұрғыдан сипаттауға және еліміздегі ислам тарихын одан әрі зерттеп толықтыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер. Досжан Хазірет, ишан, қазақ даласы, қажылық, Ресей империясы, отаршылдық, мешіт, мектеп, ағартушылық, кәсіпке баулу.

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна*¹

Доктор PhD, Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, Уральск, Казахстан, naz.2612@mail.ru, ORCID ID:0000-0001-8934-2602

Кабиева Айнаш Амантаевна²

Магистр, Западно-Казахстанская областная специализированная школа-лицей-интернат «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» для одаренных детей, Уральск, Казахстан, ainash1486@mail.ru, ORCID ID:0000-0001-8934-2602

ЖИЗНЬ И ДУХОВНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ХАЗРЕТА ДОСЖАНА КАШАКУЛЫ

Аннотация. В данной статье рассказывается о Досжане Кашакулы, жившего в XIX веке. Объектом научного исследования является развитие традиционного ислама в казахской степи в XIX веке и духовно-просветительская деятельность в ней. Несмотря на духовно-колониальную политику Российской империи против проживавших здесь мусульман, представители традиционного ислама в казахской степи продолжали свою деятельность в духовно-просветительской сфере. Предметом научной статьи является жизнь и деятельность одного из них - Досжана Хазрета, его содержательный жизненный путь и религиозно-духовное поветительство. Целью Российского правительства на окраинах империи было укрепление колониальной административной системы, в том числе путем внедрения христианства в тюрко-мусульманский мир. Рассматривается противостояние Досжана Хазрета против такой политики, за самостоятельность и духовную независимость казахских мусульман, его вклад в строительство казахской тэкии (гостиницы) в Мекке. Раскрывается историческое место Досжана Ишана не только в сохранении традиционных исламских ценностей в казахском обществе, но и в их распространении.

Работа ясно показывает, что Досжан Кашакулы был не только человеком, распространявшим исламскую культуру в казахской степи, известным религиозным деятелем, но и педагогом, призывавшим людей к образованию и занимавшимся обучением и воспитанием сотен детей. Кроме того, рассматривается его деятельность по побуждению людей к переходу в изменившихся условиях к оседлости, по привлечению молодежи к освоению различных профессии и ремесел, занятию земледелием и садоводством.

Результаты исследования позволяют с исторической позиции показать место Досжана Хазрета в духовной жизни казахской степи рассматриваемого периода и внести дополнение в дело изучения истории ислама на территории нашей страны.

Ключевые слова. Досжан Хазрет, ишан, казахская степь, паломничество, Российская империя, колониализм, мечеть, школа, просвещение, освоение профессии.

Sabyrgaliyeva Nazgul Baktygaliyevna*¹

PhD Doctor, M. Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Kazakhstan,
naz.2612@mail.ru, ORCID ID:0000-0001-8934-2602

Kabieva Ainash Amantayevna²

Master's Degree, West Kazakhstan regional specialized boarding school «BILIM-INNOVATION» for gifted children, Oral, Kazakhstan, ainash1486@mail.ru,
ORCID ID:0000-0001-8934-2602

LIFE AND SPIRITUAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF KHAZRET DOSJAN KASHAKULA

Abstract. This article explores Doszhan Kashakuly, who lived in the 19th century. The focus of this research is the development of traditional Islam in the Kazakh steppe in the 19th century and his spiritual and educational activities there. Despite the Russian Empire's spiritual and colonial policies against Muslims living there, representatives of traditional Islam in the Kazakh steppe continued their spiritual and educational activities. This article explores the life

and work of one of these individuals, Doszhan Khazret, his meaningful life and religious and spiritual enlightenment. The goal of the Russian government on the outskirts of the empire was to strengthen the colonial administrative system, including by introducing Christianity to the Turkic-Muslim world. This article examines Doszhan Khazret's resistance to this policy, his advocacy for the independence and spiritual autonomy of Kazakh Muslims, and his contribution to the construction of a Kazakh tekiya (inn) in Mecca. The historical significance of Doszhan Ishan is revealed not only in the preservation of traditional Islamic values in Kazakh society but also in their dissemination.

The work clearly demonstrates that Doszhan Kashakuly was not only a renowned religious figure who spread Islamic culture in the Kazakh steppe, but also an educator who encouraged people to pursue education and who educated and raised hundreds of children. Furthermore, it examines his efforts to encourage people to settle down in changing conditions, to attract young people to various professions and crafts, and to engage in agriculture and gardening.

The results of the study allow us to historically demonstrate Doszhan Khazret's place in the spiritual life of the Kazakh steppe during this period and contribute to the study of the history of Islam in our country.

Key words. Doszhan Khazret, Ishan, Kazakh steppe, pilgrimage, Russian Empire, colonialism, mosque, school, education, mastering a profession.

Кіріспе. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ ұлтының ұлттық санасы мен рухани өмірінде және қоғамдық-саяси дамуында үлкен өзгерістер болып жатты. Себебі, бұл кезеңде қазақ даласында Ресей патшалығының рухани-отарлау саясаты жүзеге асып жатқан кез еді. Ресей патшалығы тарапынан қазақ даласындағы ежелден қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесі мен ішкі рухани құндылықтарға ықпал ету шаралары жүзеге асты. Міне осындай саяси ықпалдың күшейген кезеңінде қазақ қоғамында дәстүрлі ислам дінін сақтап ғана қоймай оны насихаттау арқылы ұлтты ұлтжандылыққа тәрбиелеп, халықтың ішкі болмысын сақтап қалуға көптеген дін қайраткерлері үлес қосты. Осындай тұлғалардың бірі Досжан Қашақұлы. Досжан Қашақұлы қазақ қоғамында ислам дінін насихаттап, халық арасында білім беріп, шәкірт тәрбиелеумен айналысқан тұлғалардың бірі. Досжан ишан саналы ғұмырын елді ынтымаққа шақырып, елді татулыққа баулып отырған. Сонымен қатар Досжан хазірет Мекке қаласында қазақ қажылары үшін тәкие салдырып, қазақ даласындағы қажылық қозғалыстың дамуына үлесін қосқан. Бүгінгі таңда Досжан Қашақұлының өмірі мен қызметі туралы зерттеуде отандық ғалымдар үлес қосуда. Мәселен Рахым Бекназаров, Қалыш Аманжол, Нәзира Нұртазина, Сәбит Салқынұлы, Марат Қабиджанұлы және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде қазақ қоғамындағы исламның дамуы мен Досжан ишанның рухани-ағарту саласындағы қызметін жан жақты мәліметтер беру арқылы құнды деректер келтірілген. Зерттеу деректері арқылы Досжан ишанның өмірлік жолы мен оның қазақ қоғамындағы білім мен рухани саласына қосқан қызметі туралы ақпараттар аламыз. Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық тарих пен рухани мұраны жаңадан жазу арқылы жаңаша көзқарастар қалыптастыруда Досжан хазіреттің өмірін жан жақты зерттеу ең өзекті болып табылады. Досжан Қашақұлының діни және рухани саладағы қызметін талдау арқылы XIX ғасырдағы қазақ даласындағы исламның даму бағытын, діни тұлғалардың қызметін және олардың халық арасындағы рухани өмірдегі алатын орнын терең түсінуге толық мүмкіндік береді. Досжан ишанның мұрасын жалпы ғылыми бағыттан зерттеу қазақ қоғамындағы халықтың рухани тарихын толық ашуға, дәстүрлі

ислам құндылықтарын терең негіздеуге және діни қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметтерін шынайы бағалауға толық мүмкіндік беруде маңызды болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл мақалада Досжан Қашақұлының өмірі мен діни-рухани қызметін жан жақты тұрғыдан талдау үшін тарихи-салыстырмалы және жүйелі талдау әдістері пайдаланылды. Ғылыми мақаланы жазу барысында көптеген тарихи дереккөздер мен материалдар іске қосылды.

Мақалада қолданылған ауызша тарихи деректер, Әбубәкір Кердерінің жыр – дастандары, Шәкәрім Құдайбердіұлының шежірелік еңбектері мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары Досжан хазіреттің тұлғасын толық ашуға мүмкіндік берді.

Тарихи – салыстырмалы зерттеу әдісін қолдануда Ресей патшалығы тұсында мұсылман дін қайраткерлеріне жүргізілген діни-коффеционалды саясатты терең ұғынуға мүмкіндік береді. Қазақ даласындағы әр облыстағы діни ахуал мен дін тұлғалараның қызметін салыстырмалы түрде саралау, мақаланың ғылыми өзектілігін кеңінен ашуға мүмкіндік береді.

Негізінен ғылыми мақалада қолданылған материалдар мен зерттеу әдістері Досжан Қашақұлының қазақ қоғамындағы діни қайраткер ретінде алатын орнын толық айқындайды.

Нәтижелер және оларды талқылау. XIX – XX ғасырдың басында ислам дінін таратуда өлшеусіз еңбек еткен тұлғалар ел арасында өте көп болды. Еліміздің батыс өңірінен жүздеген хазірет, ишан, ахундар шықты. Олар тек оқу-білім үйрететін ағартушылар ғана емес, өз заманының зиялылары болатын. Сондай танымал діни тұлғалардың бірі XIX ғасырда өмір сүрген Досжан хазірет Қашақұлы. Олсаналы ғұмырын халық бірлігімен діннің тазалығына арнаған ардақты ұстаз, шежіреші, сәулетші, дикан әрі имандылық тарихында өшпес із қалдырған бірегей тұлғалардың бірі.

Досжан хазіретті халық арасында «Досеке» немесе «Дошеке» деп аялап атаған екен, ал оның шын есімі - Досмұхаммед. Досжан Қашақұлы 1815 жылы бүгінгі Ақтөбе өңірінің Доңызтау маңында дүние есігін ашқан. Ол Солтүстік Үстірт аймағы мен Сам құмын, Ембі шөлін мекен еткен Табын руының Шөмішті тармағы, Қоңыр аталығынан тарайды. Әкесі Қашақ өз заманында көзі ашық, сауатты дін қызметкері болғандықтан, Досжан алғашқы діни тәрбие мен ілімді өз шаңырағында, әкесінен алады. Кейіннен Орынборға жақын маңдағы Қарғалы медресесінде он жыл бойы білімін шыңдайды. Ал 1831 жылы 16 жасар бозбала шағында қажылыққа сапар шегіп, жол-жөнекей Түркияның дін ғұламаларынан дәріс алып, танымын кеңейткен. 1832 жылы небары 17 жасында Құран Кәрім мен Мұқтасарды жатқа біліп, Меккеден елге «жас хазірет» деген лауазыммен оралған Досжан кейіннен білімін Хиуа, Үргеніш, Бұқара секілді үлкен орталықтарда шыңдай түседі. Олдан пірге қол беріп, содан соң «Досжан ишан» атанды. Туған өлкесіне оралған соң, Доңызтаудағы Тасастау қайнарының маңында алғашқы мешіт-медресесін тұрғызып, тапжылмай 18 жыл бойы бала оқытты. Хазірет Досжан ишан өзінің 75 жылдық ғұмырының отыз жылын діни білім алуға, ал қырық жылын ұстаздық етуге арнады. Өз өмірінде екі жерде мешіт-медресе салдырып, үш мәрте қажылық парызын өтеген. Ол тәрбиелеген мыңдаған шәкірттің ішінен екі мыңнан астам түлек алыс-жақын аймақтарға барып, халықтың сауатын ашты. Ол ислам дінін тек ғибадат деп қана шектемей, оны өнер, ғылым және өркениеттің бастауы деп терең ұғынды. Шәкірттері мен халқын табандылықпен оқуға, адал саудамен, егіншілік пен бау-бақша өсіру секілді пайдалы кәсіптермен айналысуға үндеді. Сондықтан да профессор Алма Қыраубайқызы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы исламды «Қазақ ренессансының қайнары» деп бағалаған. Өйткені бұл құтты мекендерде діни және рухани деңгейі жоғары ишандар мен ахундар қызмет етті [1, 110б.]. Жалпы «ишан» – өткен ғасырларда рухани кемелдікке жеткен әулиелерге,

медресе ашқан діни ұстаздарға, елдің көзін ашқан білімді тұлғалар мен емшілік қасиеті бар сыйлы жандарға берілетін жоғары діни-рухани мәртебе болған.

Сонымен бірге, діни бағыттағы ағартушылық қызмет қазақ қауымының рухани тыныс-тіршілігін толық қамтып, ұлттық өзіндік сана мен ортақ мүдденің қалыптасып, бекуіне зор әсерін тигізді. Құран Кәрімдегі адам баласының қоғамдағы орны, тіршілігінде атқарар қам-қарекетін оқытып, салт-дәстүрімізбен бірге жастардың санасына сіңіріп отырған. Өркениет, мәдениет, имандылықты халықтың санасына сіңіру үшін Досжан ишан сияқты қайраткерлер, білімді адамдар әр уақытта да осылай қызмет жасаған. Сондықтан да Досжан ишанның еңбегі халықтың жадында еш уақытта ұмытылмай, атадан балаға, күні бүгінге дейін жетті.

Патшалы Ресейдің қазақ халқын бөлшектеу және шоқындыру саясаты белең алған тұста, Досжан ишан елді ынтымақ пен білімге үндейтін Ислам дінін барынша кең жаюға күш салды. Ол Ресей императоры мен Орынбор губернаторының атына бірнеше мәрте хат жолдап, қазақ қауымы үшін дербес мүфтилік құруды сұраған. Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі дәуірде Батыс Қазақстан өңірінде ислам дінінің өркендеуіне орасан зор үлес қосқан қайраткерлер аз болған жоқ. Солардың ішінде бұқара халықтың ерекше ілтипаты мен құрметіне бөленген маңғыстаулық адай Бекет ата мен доңызтаулық табын Досжан ишанның орны бөлек. Досжан ишан Батыс Қазақстан аймағында мұсылмандықты тарату ісін мүлдем жаңа, жоғары сатыға көтерді. Ол өңірдегі қандастардың қажылық сапарын жүйелі ұйымдастыру, қасиетті Мекке топырағында қазақ қажылары аялдайтын арнайы тәкия тұрғызу, «Қазақ шежіресін» жинақтау, сондай-ақ XIX ғасырдың 80-жылдары отаршыл биліктен «қазақтар үшін жеке мүфтилік ашуды» ашық талап ету секілді ауқымды істерімен тарихта өшпес із қалдырған бірегей тұлға.

Досжан хазірет ілім іздеп, қасиетті қажылық сапарларға шыққан кезеңдерінде басқа халықтардың тұрмыс-салты мен ғылыми жетістіктерін жіті бақылап, зерделеген. Көшпелі тіршілік дәуірінің келмеске кеткенін алдын-ала сезініп, бұқара арасында ағартушылықтың маңызын, отырықшылық пен диқаншылықтың игілігін кеңінен насихаттады. Сырттан келген делдалдарға есе жібермес үшін қазақ жастарын саудасаттық өнерін меңгеруге үндеді. Ол өзі де іс жүзінде он гектарлық алқапқа бау-бақша мен егін егіп, күзде жиналған өнімді Орынбор көпестеріне көтерме бағамен өткізіп тұрған. Ал түскен қаржыға елге қажетті тауарларды тапсырыспен алдыртты. Оның мешіт жанындағы медресесінде бір уақытта 150-ге жуық шәкірт білім алды. Тұрмысы төмен және жетім балаларды ақысыз оқытып, олардың азық-түлігі мен барлық қажеттіліктерін егіншілік пен саудадан түскен табыс есебінен өтеп отырды. Осылайша, мешіт-медресе кешені толықтай өзін-өзі қаржыландыру деңгейіне жетті. XIX ғасырдағы хазірет ұстанған заман ағымын дұрыс бағамдау, білім мен кәсіпті ұштастыру, жаһандық бәсекеге дайын болу секілді жасампаз қағидалар бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жойған жоқ.

Деректерге сүйенсек, Досжан ишанның екінші мәрте қасиетті мекенге сапары 1870-1874 жылдарға тұс келеді. Бұл жолы оның жанында генерал-полковник Ғұбайдолла Жәңгірханұлы мен Құнанбай Өскенбайұлы секілді ел ағалары серік болды. Мәліметтерге қарағанда, хазірет бұл сапарға Меккеде арнайы тәкия тұрғызуды мақсат етіп аттанған. Ол бұл жоспарын Құнанбаймен ақылдаса отырып, қасиетті топырақтан жер телімі мен қажетті құрылыс заттарын сатып алады және ресми рұқсат құжаттарын әзірлеуге кіріседі. Алайда құжаттарды заңдастыру барысында олар үлкен тосқауылға тап болады. Жергілікті араб билеушілері: «Бұрын-соңды аты-жөнін естімеген, қиырдан келген қазақ деген халықтың мұсылман қауымынан екенін айғақтайтын ресми құжат көрсетіңіздер», - деген шарт қойып, бұл талапты орындауға бір жыл уақыт береді. Мекке топырағында жүрген барша қазақ өкілдері осы бір жауапты әрі күрделі миссияны орындауды Досжан хазіретке сеніп тапсырады. Себебі оның терең де жан-жақты білімін, халықаралық

байланыстарды реттеудегі ерекше дипломатиялық қабілеті мен жауапкершілігін жоғары бағалаған еді.

Талап етілген айғақты әзірлеу үшін Досжан хазірет Қазан, Уфа, Самарқанд және Бұхара шаһарларын аралап, мәлімет жинайды және нәтижесінде «Қазақ шежіресі» атты құнды еңбегін жазып шығады. Бұл қолжазбаны Бұқара ғұламаларына ресми мөрмен растатып, араб билеушілеріне белгіленген мерзімде табыстайды. Құрылыс толық аяқталған сәтте Құнанбай қажы әділдігін айтып: «Бұл іске Досжанның төккен тері де, жұмсаған қаржысы да басым. Сол себепті қонақ үйді соның есімімен атаған жөн», - деп ақ батасын береді [8,98б.]. Осылайша 120 қазақ қажысының ауызбіршілігі мен ортақ қаражатының белгісіндей болған, Мекке қаласында бір уақытта 60 шақты адамды қабылдай алатын тұңғыш «Қазақ тәкиесі» бой көтереді. Бұл тарихи оқиғаны Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі» атты туындысында: «1872 жылы қажылық парызын отегенде қазақтар аялдайтын Меккеден бір тәкия үй салдырып, қайырымдылыққа бағыштаған еді. 1905-1906 жылдары қасиетті мекенге қайта барғанымда сол үйді өз көзіммен көрдім... Бұл баспана қазіргі таңда Кіші жүзден шыққан Досжан қажының иелігіне жазылыпты», - деп нақтылайды [2, 15б.]. Сонымен қатар, Досжан хазіреттің Меккеге жасаған осы екінші сапары жайында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да «Қазақ шежіресінде» құнды мәліметтер бар. Ол қасиетті сапарға аттанған қазақ керуенінің ауқымын сипаттай келе: «Орта жүзден жиырма адам, ал Кіші жүзден тапжылмаған жүз кісі болды. Солардың қатарында Нұрпейіс хазірет пен Досжан халпе де бар еді», - деп жазады [3, 100б.].

Кейбір тарихи дерек мәліметтеріне сүйенсек, XIX ғасырда қасиетті Мекке топырағында қазақ қажылары аялдайтын 4 бірдей баспана бой көтерген. Ал XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл қонақүйлердің қатары көбейіп, саны 16-ға дейін артқаны белгілі. Бүгінгі таңда бұл ғимараттардың сәулеттік құрылымы қазақтың дәстүрлі киіз үйінің үлгісіне ұқсатып тұрғызылғаны анықталып отыр.

Егде тартқан шағында қасиетті мекенге үшінші мәрте барып, елге оралған Досжан хазіреттің Шилі өзенінің бойына жеткен сәтін Әбубәкір Кердері шығармасында былайша бейнелейді:

Қазаны сахауаттың беті қайнап,
Миуа тұр екен Дәрхат күндей жайнап.
Өзінің кең жайына келіп жатты,
Қаз ұшып, мамыр қонған бұлбұл сайрап [4,102б.].

Бұдан әрі қарай жыр жолдарында хазіреттің бағбандық қыры ерекше сипатталып, оның алпыс екі түрлі өсімдік тұқымын өсіргені егжей-тегжейлі баяндалады. Ол Хиуа хандығынан арнайы әкелдіртіп, алманың жеті түрін және жүзім бұтақтарын отырғызған. Сондай-ақ уезд басшысы мен губернатордың қолдауымен бөлінген көшеттерден арша, қызыл ағаш, көкше терек және қарағай тоғайын тұрғызып, айналасын ор қазып қоршатқан. Алма мен жиде секілді жеміс беретін ағаштарды бөлек баптаған. Әбубәкір шайырдың айтуынша, бұл ну орман 10 шақырымдай аумақты алып жатқан. Осы қалың ағаштың ортасына қарағайды қиып, өрнекті бұрама ағаш үй тұрғызады. Досжан бабамыздың кезінде бау-бақша егуге жер телімін сұрап, Орынбор губернаторының қабылдауында үш күн күтіп жатып, мәселені оң шешкені туралы деректер осы атқарылған ауқымды істермен дәлелдене түседі. Жазушы Ғалым Ахметов те: «Досжан Ойыл өңірінде үлкен бау-бақша салып, онда алуан түрлі жеміс-жидек өсірген», - деп жазады. Жылнамаларға сүйенсек, 1890 жылдары бір орыс саяхатшысы оның бағындағы піскен жемістерді Орынбор саудагерлері арнайы келіп, жаппай сатып алатынын таңдана жазған. Бұл уақыт хазіреттің үшінші қажылық сапарынан кейінгі өмірінің соңғы кезеңіне тұс келсе керек. Осы жылдары Досжан ишан рухани бағытта тағы бір ірі бастама көтеріп,

қазақ халқы үшін дербес діни басқарма - мүфтилік құру шараларына білек сыбана кіріседі. Бұл еңбегін Әбубәкір Кердері тағы да былай деп жырға қосады:

«Баршасы үшбулардың пірім деді,
Хазірет ақылды, дана, білімді еді.
Патшадан қазақ үшін мүфти сұрап,
Өзінен халық қамын бұрын жеді» [4, 125б.].

«Мүфтилік сұрау» бастамасының мақсаты - қазақ сахарасында тәуелсіз діни басқарма ашу, әр ауылда мешіт тұрғызып, оған жергілікті молдаларды тағайындау және көшпелі халықтың отбасылық құқық, неке қию секілді тұрмыстық істерін осы мекеменің қарауына өткізу болатын. Алайда бұл маңызды мәселе патша үкіметі мен кеңес дәуірінде шешілмей, тек еліміз өз алдына тәуелсіздік алған уақытта ғана жүзеге асты.

«Досжан ишан мешіті» тарихи-мәдени ескерткіші «Қасиетті Қазақстан» жобасының тізіміне енгізілген [5, 121б.]. Бұл нысан – Ақтобе өңірі бойынша еліміздің киелі жерлер географиясына кірген маңызды 10 нысанның бірі болып табылады. Тарихи ғимарат Ақтобе облысының Темір ауданына қарасты Шұбарқұдық ауылының оңтүстік-шығыс беткейінен оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырым 700 метр қашықтықта, сондай-ақ Шиелі өзенінің үстінен өтетін темір жол көпірінен оңтүстік-батыс бағытта 1 шақырым жерде орналасқан. Кезінде хазірет осы құрылысты бастау үшін жергілікті өңірден Бірман есімді шебер ұстаны тауып, өзара уағдаласады. Болашақ ғибадатхананың жобасы мен сәулеті нақтыланғаннан кейін, құрылыстың негізгі жұмыстарына бұқара халық жаппай атсалысады. Осылайша, ескі дәстүр бойынша асарлату әдісімен мешіт ғимараты қысқа мерзімде бой көтереді [6,21б.].

Мешіттің көлеміне келер болсақ, ұзындығы шамамен 28 метрді, ені 11 метрді, ал биіктігі 5 метрді құрайды. Осы рухани ошақтың айналасына көшпенді қазақтар келіп, тұрақтай бастаған, нәтижесінде бұл өңірде алғашқы отырықшы мекеннің негізі қаланды. Мешіт іші алты бөлмеге бөлінген, ал терезелерінің биіктігі адам бойынан асады. Ғимараттың ішкі құрылымында ешқандай тірек бағаналар қолданылмаған, тіпті терезе жақтауларында да қиық белдіктер жоқ - барлығы күмбез үлгісінде шебер қиюластырылған. Күмбездің төбесінде жарты ай белгісі орнатылса, ішкі қабырғалары ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген. Күмбезді терезелерден түскен күн сәулесі ішкі нақыштарды құлпыртып, ерекше сәулелендіріп тұратын. Мешіт қабырғаларына қашалған аяттар мен хадистер қызыл түсті бояумен өрнектелген. Нысанның алдыңғы жағында кіреберіс бөлмесі мен азан шақыратын биік мұнарасы бой көтерген еді [7,152б.]. Өкінішке орай, бүгінгі таңда бұл тарихи орынның төбесі ортасына түсіп, тек қабырғалары ғана сақталып қалған. Әбубәкір Кердерінің жырларына сүйенсек, уақытында бұл жерде көптеген мұриттер қызмет атқарып, талай ишандар мен сопылар білім нәрін алып, халыққа рухани жетекшілік еткен. Досжан хазіреттің өзі осы мешіттің күншығыс жағына жерленген, басындағы құлпытасы бүгінге аман жетті. Жалпы алғанда, бұл діни-ағартушылық кешен 1868-1927 жылдар аралығында үзіліссіз жұмыс істеді. Рухани орталықтың маңында 1931 жылы Шұбарқұдық елді-мекені бой көтеріп, 1944 жылы Шұбарқұдық теміржол станциясы іске қосылды. Одан кейін 1972 жылы бұл кент Темір ауданының әкімшілік орталығына айналды. Айта кетерлігі, дәл осы тарихи кезеңдерде Кіші жүз өңірінде ел есінде қалған, тарихи маңызы зор ірі төрт халықтық көтеріліс орын алған болатын.

Батыс өңіріндегі елеулі тарихи толқуларға тоқталсақ, олар: 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған азаттық қозғалысы, 1836-1838 жылдардағы Исатай мен Махамбеттің көтерілісі, 1850-1860 жылдары өткен Жанқожа Нұрмұханбетұлы мен Есет Көтібарұлының қозғалысы және төртіншісі - 1869-1870 жылдары патша үкіметінің жаңа «Уақытша Ережесіне» қарсылық ретінде Орал мен Торғай қазақтарының бас көтеруі.

Осы ірі көтерілістердің соңғы үшеуі Досжан хазіреттің өмір сүрген дәуірімен тұс келді. Бұл көтерілістер орын алған уақытта болашақ діни қайраткер оң мен солын танып, ақ-қараны ажырата алатын ес білген шағында еді. Хазіреттің түркімен елімен шекаралас аймақтан Ойыл өзенінің тармағы саналатын Шилі бойына қоныс аударуына осы тарихи-саяси жағдайлардың тікелей ықпалы болды деген болжам бар. Оның үстіне, заман ағымын жетік түсінген көреген тұлға сол кездері ірі сауда орталығына айнала бастаған Қарақамыс жәрмеңкесіне жақын орналасуды да жөн көрген тәрізді. Бұл көшті Әбубәкір шайыр өз жырында былайша өрнектейді:

Ойылдың көшіп келді Шілісіне,
Асыл зат тәбәріктің миысына.
Келген соң мешіт салып ғылым ашты
Кұдайым жолықтырды игі ісіне,-

Осылайша, 1868 жылы бұл құтты қонысқа табан тіреген Досжан хазірет Шилі өзенінің бойын ұнатып, өз жоспарындағы зәулім мешіттің құрылысына білек сыбана кіріседі. Тарихи деректерге сүйенсек, мешіттің сәулеттік жобасы 1844 жылы Қазан қаласында архитектор А.Пескенің жетекшілігімен тұрғызылған Юнусов мешітінің үлгісі негізінде жасалған. Қарапайым халық бұл нысанды «Ақши мешіті» деп атап кеткен, өйткені Досжан ишан көзінің тірісінде мешітке өз есімін беруді құп көрмеген екен.

Досжан хазіреттен қалған теңдессіз жәдігерлердің қатарында оның өз қолымен ұстаған қасиетті Құран кітабы мен жеке мөрі бар. Металдан құйылып, бетіне өрнектеліп арабша қашалған мөрдегі жазуды аударғанда «Аллаға құлшылық етуші Досмұхамедұлы молла Қашақ 1248 жыл» (Хижра жыл санауы бойынша) деген сөздер оқылады. Тұтқасы өте әдемі жасалған бұл мөрдің көлемі шамамен қазіргі жүз теңгелік монетадай ғана. Осынау бағалы мұраларды хазіреттің тікелей ұрпағы Асқар Хабибуллин бүгінге дейін көзінің қарашығындай сақтап келген. Кеңестік солақай саясат тұсында бұл қасиетті заттарды тәркілеуден аман алып қалу үшін, туыстары оны ұнның арасына тығып, жасырын сақтаған екен.

Бүгінгі таңда Досжан ишанның зиратының басына зәулім де еңселі кесене тұрғызылды. Ақтөбе облысының басшылығы мен жергілікті халық бұл тарихи-мәдени кешенді қорғауға алып, абаттандыру жұмыстарын әлі де жүйелі түрде жүргізіп жатыр. Көзі тірісінде сыйлас болған атақты шайыр Әбубәкір Кердері хазіреттің болмысын ерекше суреттеп: «Ол - асыл сөзді, кең пейілді, орта бойлы, парасатты, жібектей жұмсақ мінезді әрі сабырлы тұлға еді. Дәулеті тасыған берекелі адам бола тұра, бар өмірін құдай жолына арнады, тіпті қас қылған дұшпанына да жамандық тілемеген, ал ғибратты сөздері бұқара халыққа ем болған. Төзімділікте – Аюб пайғамбардай, дауыс мақамында – Дәуіт пайғамбардай, ниет-пиғылында – Расулалладай жайлы, ал байлық пен салтанатта – хақ Сүлеймендей асқақ болды» деп баға берген.

Қорытынды. Жалпы қорыта айтқанда Досжан Қашақұлы қазақ тарихында ерекше орны бар дін қайраткері және ағартушы. Себебі, Досжан ишан қазақ халқына дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттап қана қоймай, барлық ғұмырын елге қызмет етуге арнаған дін қайраткері. Досжан хазірет Ресей патшалығының рухани-отарлау саясатының озбырлығына қарамастан, ел ішінде ислам дінін таратып, қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің кең таралуына үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар, Досжан ишан мешіт салдырып, мешіт жанынан медреседе бала оқытып, халықты имандылыққа, адамгершілікке баулады. Хазіреттің мектебінен талай Алаш зиялылары білім алған. Солардың арасында халыққа кеңінен танымал Халел Досмұхамедов, Сағитжан Қаратаев, Сейітқали Құтқожин, Сағындық және Аққағаз Досжановтар, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Есенғұлов, Жиенғали Тілепбергенов бар. Бұған қоса Досжан ишан өзінің көрегендігімен және ел болашағын алыстан ойлайтын

тұлға ретінде өзін көрсете білгенін байқаймыз. Сол XIX ғасырдың шиеленісті аумалы-төкпелі заманында халық арасында кеңінен ағартушылық үрдісінің орын алуына ауқымды үлес қосып, жаңадан қалыптасып келе жатқан жағдайда қазақ жастарын жаңа кәсіптерді игеруге, егіншілікпен айналысуға, бау-бақша өсіруге шақырды. Айта кетерлігі, ол осының бәріне шақырып қана қоймай, сонымен бірге осы айтылғанның бәріне қатысты өзі үлгі бола білді.

Жалпы, Досжан ишанның рухани – ағарту саласындағы қызметі ел ішінде ұлттық сананы нығайтып, ұлттық бірегейлікті сақтауда үлкен орын алады. Бүгінде еліміздің тарихы мен дамуында, мәдениеті мен дүниетанымында ғасырлар бойы қазақ қоғамына тән болған дәстүрлі исламның орны мен маңыздылығының өзектілігін айтар болсақ, онда Досжан Қашақұлының халық арасындағы көп қырлы, тынымсыз рухани-ағартушышылық қызметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі исламды кеңінен танып-білуде үлкен маңызға ие. Бұл тұрғыда оның аталған қызметі тек қана тарихи тұрғыдан қарау шеңберімен шектелмейтінін атап кетуімізге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шығыстың қисса-дастандары [Текст] / құраст. А. Қыраубайқызы. – Алматы, 1997. – 216 б.
- 2 Құдайбердіұлы, Ш. Түрік, қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі [Текст] / Ш. Құдайбердіұлы. – Алматы : Сана, 1991. – 80 б.
- 3 Көпейұлы, М. Ж. Қазақ шежіресі [Текст] / М. Ж. Көпейұлы. – Алматы : Жалын, 1993. – 128 б.
- 4 Кердері, Ә. Өлеңдері мен шығармалары [Текст] / Ә. Кердері. – Қазан, 1905. – 324 б.
- 5 Қасиетті Қазақстан [Текст] / ҚР Ұлттық мұражайы. – Астана, 2017. – 528 б.
- 6 Дәрменұлы, А. Досжан хазірет [Текст] / А. Дәрменұлы. – Ақтөбе, 2019. – 48 б.
- 7 Ажигали, С. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арала-Каспийского региона) [Текст] / С. Ажигали. – Алматы : Ғылым, 2002. – 654 с.
- 8 Бекназаров, Р. А. История паломничества казахов в Мекку и Медину (конец XIX – начало XX вв.) [Текст] / Р. А. Бекназаров // Діншілдік, дінаралық келісім және рухани тәрбие : материалдары республикалық ғылыми конференция (Ақтөбе қ., 11 қараша 2016 ж.). – Ақтөбе : Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ Баспа орталығы, 2016. – 156 б.

REFERENCES

- 1 Shygystyn kyssa-dastandary [Narrative Epics of the East]. Qurast. A. Kyraubaikyzy. Almaty, (1997): 216 b. – (In Kaz)
- 2 Kudaiberdiyly, Sh. Tyrik, kazakh-kyrgyz ham handar shezhiresi [Genealogy of the Turks, Kazakhs, Kyrgyz, and Khans]. Almaty: Sana, (1991): 80 b. – (In Kaz)
- 3 Kopeiyly, M. Zh. Kazakh shezhiresi [Kazakh Genealogy]. Almaty: Zhalyyn, (1993): 128 b. – (In Kaz)
- 4 Kerderi, A. Olenderi men shygarmalary [Poems and Works]. Kazan, (1905): 324 b. – (In Kaz)
- 5 Kasietti Kazakhstan [Sacred Kazakhstan]. KR Ul'ttyk murazhaiy. Astana, (2017): 528 b. – (In Kaz)
- 6 Darmenuly, A. Doszhan haziret [Doszhan Haziret]. Aktobe, (2019): 48 b. – (In Kaz)
- 7 Azhigali, S. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii (pamyatniki Arala-Kaspijskogo regiona) [Architecture of Nomads – A Phenomenon of the History and

Culture of Eurasia (Monuments of the Aral-Caspian Region)]. Almaty: Gylym, (2002): 654 s. – (In Rus)

8 Beknazarov, R. A. Istoriya palomnichestva kazakhov v Mekku i Medinu (konec XIX – nachalo XX vv.) [History of the Pilgrimage of Kazakhs to Mecca and Medina (Late 19th – Early 20th Centuries)]. In: Dinshildik, dinaralyk kelisim zhane ruhani tarbie: materialdary respublikalyk gylymi konferencii (Aktobe k., 11 karasha 2016 zh.) [Religiosity, Interfaith Harmony and Spiritual Education: Proceedings of the Republican Scientific Conference (Aktobe, November 11, 2016)]. Aktobe: K. Zhubanov atyndagy AOMU Baspa ortalygy, (2016): 156 b. – (In Rus)